


Архаикалық мәдениет

- Ғалымдардың пікірінше, алғашқы қауымдық құрылыс үш дәуірге бөлінеді.
- Олар: тас дәуірі, қола дәуірі және темір дәуірі.
- Алғашқы қауымдық мәдениет — тарихи-мәдени типология бойынша адамзат мәдениетінің алғашқы сатысы. Көне, ежелгі, архаикалық мәдениеттер ұғымдарымен жақын мағынада қолданылады.

Діннің шығуы. Алғашқы наным-сенімдер:



*Фетишизм;
Фетиш ретінде адам
қиялын несімен
болмасын таң
қалдырған кез келген зат
бола алады: ерекше
формалы тас, ағаш
кесегі, жануар тісі,
зергерлік бұйым;*



- Алғашқы адамдардың фетиштерге мұндай көзқарасы таңдап алған заттарына деген құрметтің бірқалыпты болмағанын көрсетеді: көрсетілген көмегі үшін алғыс айтқан, ал көмектеспегені үшін жазалаған. Бұл тұрғыдан африкандықтардың фетиштерді азаптау ғұрпы қызықты, ол фетиштерді жазалау үшін ғана емес, оларды әрекетке итермелеу үшін жасалатын болған. Мысалы, фетиштен бір нәрсе сұрай отырып, африкалықтар оның денесіне темір шегелер қаққан, себебі осылайша фетиш адамдардың сұрағанын жақсы есіне сақтап, міндетті түрде оларды орындайды деп есептеген.

● Кейінірек бұған қарағанда күрделірек түсініктер жасалады: дене өлген соң жанның өмір сүретіндігі жайлы, жандардың жаңа денелерге көшетіні туралы, о дүние жайында. Анимистік нанымдардың екінші қатары қоршаған ортаны кейіптеу мен рухтандыру сияқты алғашқы адамдарға тән талпыныстан туындайды. Ерте замандағы адам объективті дүние құбылыстары мен заттарын өзіне ұқсас, қалаулары, еркі, сезімдері, ойы бар деп қарастырған. Осыдан табиғаттың, өсімдіктердің, жануарлардың қаһарлы күштерінің жеке рухтарына деген сенім пайда болады, бұл сенім күрделі эволюция барысында политеизмге, содан кейін монотеизмге ауысады.

Тотемизм – адамдардың қандай да бір тобы мен белгілі бір жануарлардың немесе өсімдіктердің түрінің арасында ерекше байланыстың бар екеніне сенім болып табылады.



- **Тотемизмді алғаш рет Батыс Африкада португал теңізшілері XV ғасырда тапқан, содан кейін фетишизмнің бірқатар баламалары әлемнің көптеген аймақтарында табылады.**

- Бұл затқа оның өзіне тән емес қасиеттер таңылады (дерттен жазу, жаулардан қорғау, аңшылықта көмектесу және т.с.с. қасиеттер). Егер мұндай затқа табынған соң, практикалық әрекетінде адам табысқа қол жеткізе алса, ол өзіне фетиш көмектесті деп санай отырып, оны өзіне қалдырған. Егер адам қандай да бір сәтсіздікке ұшыраса, онда фетиш лақтырылып тасталынатын немесе басқамен алмастырылатын.

*Тәңірлік діннің
арғы тегінде
шаманизм жатыр.
Шаманизм дінінің
негізгі қағидасы
бойынша, дүние
түгелімен
рухтардан тұрады.
Жанды, жансыз
дүниенің де
рухтары бар.*



*Анимизм (лат.
Анима- жан) —
жан мен
рухтардың бар
екеніне деген
сенім.*



- Анимистік нанымдардың тиянақты талдамасын ағылшын антропологиясы Э. Тайлор өзінің «Алғашқы мәдениет» еңбегінде берген.
- Э. Тайлордың теориясы бойынша, бұл нанымдар екі бағытта дамыған.
- Анимистік түсініктердің бірінші қатары ертедегі адамның ұйқы, елестер, дерт, өлім құбылыстары жөніндегі ойлануларының нәтижесінде, сондай-ақ транс пен галлюцинацияларын бастан кешіру барысында пайда болды.

- Қарсы дәлел ретінде алғашқы қауымдық адамдардың діни нанымдары (мысалы, тотемизм немесе фетишизм) көбінесе анимистік түсініктерді қамтымағанын дәлелдейтін археологиялық және этнографиялық мәліметтер келтірілді. Мұндай нанымдар «преанимистік» деп аталды. Дегенмен анимистік сенімдердің әлемнің барлық діндерінің құрамдас және аса маңызды бөлігі болып табылатынына күмән жоқ. Рухтарға, жын-шайтанға, өлмейтін күштерге сену – мұның бәрі алғашқы қауымдық анимистік түсініктердің модификациялары.

- Адамзат қоғамының дамуының ерте сатыларында діни нанымдардың алғашқы формалары таза күйінде болған жоқ, олар бір-бірімен ерекше күйде тұтасып жатты. Сондықтан бұл нанымдардың қайсысының бірінші пайда болғандығы жөнінде сұрақ қою аса дұрыс бола қоймайды. Мысалы, Австралия аборигендерінде табу жүйесі мұқият құрылған тотемизм басым болды. Сібір мен Қиыр Шығыстың сансыз көп халықтарының арасында магия және онымен тығыз байланысты шаманизм практикасы үстем болды. Африка халықтарына келсек, олар фетишизмге бейімділіктерімен ерекшеленді.

*Магия — жанды, жансыз
табиғатқа тылсым күш
арқылы әсер ету әрекеті.
Қазақ бақсы-балгерлерінің
әрекеті осы магияға
негізделген.*

*Магия әсер ету әдістері
бойынша: контактылы,
инициалды, парциалды,
имитативті болып
бөлінеді.*



- Магия (лат. *magia* гр. *μαγεία* — *сиқыршылық*)
— алғашқы қауымдық дін формаларының бірі; іс-әрекеттердің (*жеке дара немесе ұжымдық*) символдық бейнесі. Магия алғашқы қауым адамы ойының көрінісі және жаратылыстан тыс күштерге сенімнің күшеюімен тікелей байланысты болды. Магиямен байланысты дүние туралы түсініктер ежелгі натурфилософиялық ілімдер мен алуан түрлі “*құпия ілімдер*” негізінде алынды.

- Діни нанымдардың бұл формасының дереккөзін ағылшын этнографы **Б. Малиновский өзінің «Магия, ғылым және дін»** атты еңбегінде толық сипаттап өткен.
- Тынық мұхиты аралдарында тұратын түземдіктердің (жергілікті тұрғындардың) өмірін зерттей отырып, Б. Малиновский өте қызық заңдылықты байқайды. Түземдіктердің егін шаруашылығында өнімдері құбылмалы болатын түйнекті өсімдіктерді отырғызғанда магияны қолданатындары анықталады, бірақ магия тұрақты, бір қалыпты өнім беретін жеміс ағаштарын отырғызғанда қолданылмайды. Балық аулауда магиялық әдістер акула және басқа да ірі, қауіпті балықтарды аулау кезінде практикаланады, ал майда балықтарды аулауда магия артық деп саналады.

● Магия мынадай түрлерге бөлінеді: өндірістік, емдеу, сақтаушы (қорғаушы), зиян келтіруші, соғыс, ауа райы магиясы.

● **Өндірістік магия** ежелгі адамның шаруашылық іс-әрекетімен — егін егу, аң, балық аулау, тағы басқа байланысты.

● **Емдеу магияның** мақсаты — дуалау, үшкіру, басқа да “**сиқырлық**” тәсілдер арқылы ауруларды емдеу.

- *Сақтаушы (қорғаушы) магия* тыйым салу (*табу*) жүйесінен тұрады. Магиялық тыйым салу жаман ниеттер мен бақытсыздықтардан сақтану үшін қолданылады.
- *Зиян келтіруші магия* — жануарларға зиян, залал келтіру үшін қолданылатын дуалар жүйесін білдіреді.



- *Соғыс магиясында* — жау әскеріне қарсы сиқырлық іс-әрекеттер жасалады.
- *Ауа райы магиясында* — шаруашылық өмірге қолайлы табиғат жағдайын туғызу үшін сиқырлық әрекет жасау орын алады.



Магия әсер ету әдістері бойынша

контактылы (магиялық күш иесінің магия бағытталған объектімен тікелей жанасуы арқылы);

● инициалды (магиялық акт магиялық әрекет субъектісінің қолы жетпейтін объектіге бағытталған) ;

● парциалды (әйтеуір бір жолмен магиялық күш иесінің қолына түсетін қырқылған шаш немесе тырнақ, тағам қалдықтары арқылы жанама түрде әсер ету) ;

● имитативті (объектіге ұқсас нәрсеге әсер ету) болып бөлінеді.

- Магиялық жүйелер әрқилы,
мысалы олар:

- Алхимия

- Болашақ жайлы болжау

- Астрология

- Некромантия

- Спиритизм

● Ежелгі мифтер мен аңыздар алғашқы адамдар тіршілігінің маңызды бөлігі болып, олардың рәміздік мазмұны арқылы адам қоршаған ортаны игеріп, жете түсінді. Алғаш рет Миф философиясын Дж.Вико ұсынды. Ол Миф қиял ойыны ретінде қалыптасады деген пікірде болды. Кейін 19 ғасырдың ортасынан бастап Миф этнографиялық материал ретінде зерттеле бастады. Ағылшын мәдениеттанушысы Э.Б. Тайлор “Алғашқы қауымдық мәдениет” атты еңбегінде Мифтер мен діни нанымдар негізінде анимизм жатады деп жазады.

•Миф түрлері

•Антропогониялық

•Космогониялық

● **Космогониялық мифтердің басты тақырыбы**

– “киелі тарих”, дүниенің, адамның, тағы да басқа жаратылуы.

● Әдетте, мифте жаратылыс уақыты киелі сипатқа ие болып, үлгі ретінде құрметтеледі. Мифте әрбір объект, әрбір іс-қимыл басқа объектілермен, іс-қимылдармен ұштасып жатады. (аңдарға байланысты)

● **Антропогониялық мифтің** түрі тотемдік мифтер, яғни адамның немесе тайпаның жануардан пайда болуы туралы. (құстар)

- Эсхатологиялық мифтер – ақырғы заман туралы тұжырымдау
- Күнтізбелік мифтер – уақыттық циклдердің ауысуы туралы, күн мен түн, қыс және жаз т.б.
 - Кейіпкерлер мифі
 - Жануарлар туралы миф
 - Қазіргі мифология

- Тайлор мифтердің мынадай түрлерін атап көрсетеді:
 - а) философиялық немесе түсіндірмелік мифтер;
 - ә) нақтылы, бірақ бұрмаланған деректерге сүйенген мифтер;
 - б) тарихи және аңыз тұлғалар туралы мифтер;
 - в) фантастикалық және метафоралық мифтер;
 - г) әлеуметтік-саяси және тұрмыстық мифтер.

- **Синкретизм** - "жігі ашылмаған", біте қайнасқан сөз тіркесінің синонимі болып табылатын бұл ұғым, қандай да болсын құбылыстың жетілмеген дамымаған, өзара жіктеле қоймаған бастапқы күйін білдіреді.

Бұл ұғым көбінде алғашқы қауымдық немесе архаикалық мәдени кезеңге байланысты көп қолданылады. Өйткені дәл сол мәдени кезеңде мәдениет салаларының жіктелмегендігін байқаймыз. Синкретизмнің мәнін миф, мифологиялық сана өте жақсы анықтайды. Архаикалық мәдениеттегі ғылымдардың, өнер түрлері мен наным сенімдердің жіктелінбеген бастапқы біртұтастық күйі архаикалық мәдениеттің синкреттік сипатын танытады. Сондықтан да мәдениет тарихында зерттеушілер алғашқы қоғамдық синкретизм деген үлкен кезеңді айқындайды.

Сол мәдени кезеңнің адамдарының дүние танымындағы синкретизм көріністерін алғашқы наным-сенім түрлерінен: фетишизм, анимизм, тотемизм т.б. айқын көруге болады.

Назарларыңызға рахмет!

- Орындаған: Докулов А., Алпысбаева Г., Қуанышбай А.